

Жаңажол жалпы білім беретін мектебінің Тәлімгері Нурбол Балкибековтың 2024-2025 оқу жылының қорытынды есебі.

Жаңажол жалпы білім беретін мектебінде 1-қыркүйек-Білім күніне орай салтанатты жиын өтті, және Мектебім- мейірім мекені Менің отаным қазақстан атты тақырыпта тәрбие сағатары өтті.



Жаңажол жалпы білім беретін мектебінде "Біртұтас тәрбие бағдарламасын" жүзеге асыру мақсатында, Директордың тәрбие жөніндегі орынбасары Б. Ералиева мен аға тәлімгер Н. Балкыбековтың жетекшілігімен, 20.09.күні Жасұлан ұйымы мен Еріктілерден құралған Болашақ командасы "Менің таза аулам" атты тазалық іс-шарасын өткізді. Мақсаты балалардың бойына өз мектептерін таза ұстауға тазалық сақтауға қоршаған ортаны ластамауға дағдыландыру.



Жаңажол жалпы білім беретін мектебінде аға тәлімгер Н. Балқыбековтың ұйымдастыруымен өзін-өзі басқару мектеп парламентті бойынша мектеп президентін сайлау бойынша сайлауға өзін өзі ұсынған үміткерлердің сайлау алды бағдарламалары тыңдалды. Сайлауға төрт үміткер қатысатынын айтып өздерінің бағдарламаларын ұсынды. Енді 19-қазан күні оқушылар өз таңдауларын жасайды. Өткен оқу жылындағы мектеп президенті Бақберген Айдана өз жұмысына есеп беріп үміткерлерге сәттілік тіледі. Сайлау комиссиясы құрылды.



Жаңажол жалпы білім беретін мектебінде аға Тәлімгер Н. Балқыбековтың жетекшілігімен, өзін-өзі басқару ұйымының ұйымдастыруымен «Ұстаздар күні» мерекесіне орай «Дублер күні» оқушылардың өзін-өзі басқару күні ұйымдастырылды. Мақсаты: оқушылар мен педагогтердің бірлескен қызметін ұйымдастыру арқылы білім алушылардың белсенді қоғамдық өмірге және мектепте өзін-өзі басқару қызметіне тарту.



Жаңажол жалпы білім беретін мектебінде "Біртұтас тәрбие бағдарламасын" жүзеге асыру мақсатында, аға Тәлімгер Н. Балқыбековтың жетекшілігімен 18.10.күні Мектеп еріктілерінен жасақталған Жас Полиция көмекшісі тобы жоспарға сәйкес мектеп психологымен бірлесе отырып жоғарғы сынып оқушылары арасында Әлімжеттік сауалнамасы алынды. Мақсаты: оқушылар арасында әлімжеттікті болдырмау буллингтің алдын алу.

Жаңажол жалпы білім беретін мектебінде 19.10 күні аға Тәлімгер Н. Балқыбековтың ұйымдастыруымен мектеп президентін сайлауы болып өтті сайлауға оқушылар белсене қатысты, төрт үміткер сайлауға қатысып басым дауыспен 10 б сынып оқушысы Болатбекқызы Аружан жеңіске жетіп мектеп президенті болып сайланды. Мектеп директоры А.Асқарбекова жеңісімен құттықтап алдағы жұмыстарына сәттілік тіледі. Сөз кезегінде ДТЖО Б. Ералиева мектеп президентіне көп үміт артатынын алдағы уақытта оқушылармен тығыз қарым- қатынаста жұмыс жүргізу қажет екенін ескертіп жұмыстарына сәттілік тілеп құттықтау лебіздерін білдірді.



Жаңажол жалпы білім беретін мектебінде аға Тәлімгер Н. Балқыбековтың ұйымдастыруымен 25-қазан Республика күніне орай 24.10. күні Республикалық бірыңғай «Жас Ұлан» балалар мен жасөспірімдер ұйымының қатарына қабылдау болып өтті. Жас Ұлан қатарына 46- оқушы Жас Қыранға 25 оқушы қабылданды. ДТЖО. Б. Ералиева қабылданған оқушыларды құттықтап тәртіпті анттына берік оқушы болуға шақырды.



Жаңажол жалпы білім беретін мектебінде, 15.11.2024 ж. күні «Таза Қазақстан» экологиялық акциясы аясындағы сенбілік өтті. Басты мақсат: Қоршаған ортаны таза ұстау, экологиялық сана мен экологиялық мәдениетті қалыптастыру және нығайту мақсатында құрылған қоғамдық игілікке ұқыптылықпен қарау қағидаттарын қалыптастыру.

Жаңажол жалпы білім беретін мектебінде біртұтас тәрбие бағдарламасын жүзеге асыру мақсатында аға Тәлімгер Н. Балқыбековтың жетекшілігімен 18.11.2024 ж.күні «Жас полиция» тобының ұйымдастыруымен "Жол апаты неден туындайды" атты тақырыпта дөңгелек үстел өткізілді. ДТЖО Б. Ералиева мектепке мопед, велосипед айдап келуге болмайтыны жөнінде ескертіп айтып өтті. Оқушылар төрт тобқа бөлініп жол апаттары жайлы өз ойларымен бөлісті. Мақсаты: Оқушылар арасында жол ережесін түсіндіру жолда жүрген кезде қауіпсіздік ережелерін сақтау.



Жаңажол жалпы білім беретін мектебінде Біртұтас тәрбие бағдарламасын жүзеге асыру мақсатында аға Тәлімгер Н. Балқыбековтың жетекшілігімен Еріктілер тобының мүшелері «Жүректен Жүрекке» қайырымдылық жұмыстар жоспарына сәйкес ауылымыздың тұрғыны жалғызбасты ана Алмасбекова Назым апаның үйіне барып ауласын күл қоқыстан тазартып қысқы отындарын бұтап жинап қолғабыс тигізіп көмектесіп қайтты. Мақсаты: оқушыларды мейірімділікке қайырымдылыққа үлкенге құрмет көрсетуге тәрбиелеу



Жаңажол жалпы білім беретін мектебінде Біртұтас тәрбие бағдарламасын жүзеге асыру мақсатында Бала құқықтары туралы Конвенциясын қабылданғанына 35 жыл ратификацияланғанына 30 жыл және Дүниежүзілік балалар күні жарияланғанына 70 жыл толуына арналған жоспарға сай аға тәлімгер Н. Балқыбековтың жетекшілігімен «Жас ұлан» ұйымының белсенді мүшесі Айтжан Талшынның ұйымдастыруымен «Білімді ұрпақ жарқын болашақ» атты тақырыпта дөңгелек үстел өткізілді оқушылар үш топқа бөлініп сұрақтарға жауап беріп өз ойларымен бөлісті. Мақсаты: оқушыларды білімге ізденіске деген құштарлығын арттыру.



Жаңажол жалпы білім беретін мектебінде Біртұтас тәрбие бағдарламасын жүзеге асыру мақсатында аға тәлімгер Н. Балқыбеков жетекшілігімен 18-22 , қараша аралығында Мектеп парламенті Спорт және салауатты өмір салты фракциясының ұйымдастыруымен Ұлттық құндылықтарды дәріптеу насихаттау мақсатында 5-6 сыныптар арасында ұлттық ойындар бойынша жарыстар өткізілді. Оқушылар жарысқа белсене қатысып өз өнерлерін көрсетті.



Жаңажол жалпы білім беретін мектебінде біртұтас тәрбие Бағдарламасын жүзеге асыру мақсатында 5-желтоқсан дүниежүзілік еріктілер күніне орай Аға тәлімгер Н. Балқыбеков пен Педагог ұйымдастырушы А. Медеудің ұйымдастыруымен Жаңажол мектебінің еріктілерінен құралған Болашақ командасы Әбдіқайым ата мешітіне және Ұлы отан соғысы ардагерлеріне арналған ескерткішке барып айналасын сыпырып жапырақтарын тазалап ауыл иманы Омаров Абдилла оқушыларға алғысын білдіріп батасын берді. Мақсаты: оқушыларды мейірімділікке бауырмашылыққа еңбекке тәрбиелеу.



Жаңажол жалпы білім беретін мектебінде Біртұтас тәрбие бағдарламасын жүзеге асыру мақсатында аға тәлімгер Н. Балқыбековтың жетекшілігімен өзін-өзі басқару мектеп парламентінің дебат фракциясы мүшесі Шайқасым Жазираның ұйымдастыруымен «Әдеп ең қымбат мирас» атты тақырыпта дөңгелек үстел өткізілді, оқушылар әдеп жайлы өз ойларымен бөлісіп сабақ қызықты өтті. ДТЖО. Б. Шерімбетова оқушыларға белсене қатысып өз ойларын жеткізіп тақырыпты толық ашқандары үшін алғыс білдіріп, алдағы уақытта мектепте ортада әдепті оқушы болуға шақырды. Мақсаты: оқушыларды мейірімділікке әдептілікке адамгершілікке бейімдеу.



Жаңажол жалпы білім беретін мектебінде Біртұтас тәрбие бағдарламасын жүзеге асыру мақсатында аға тәлімгер Н. Балқыбековтың жетекшілігімен мектеп парламентінің ұйымдастыруымен 16-Желтоқсан - Қазақстан Республикасының тәуелсіздік күніне орай «Жетістігімді Еліме Арнаймын» челленджі өткізілді. Мақсаты: тәуелсіздік жылдарындағы ел жастарының жетістіктерін көрсету арқылы білім алушылардың патриоттық сезімдерін нығайту, білім алушылар өз жетістіктерін ел дамуымен қоғам игілігіне арнаудың маңыздылығын бағалау;

Мектеп парламенті жас ұлан ұйымының белсенді мүшелері Жаңажыл қарсаңында Аяз ата Қарша қыз кейіпкерлері болып үйде оқитын оқушылардың көңілін көтеру мақсатында сылықтар тарту етті. Жаңажол жалпы білім беретін мектебінің 1-наурыз алғыс айту күніне орай «Мектеп парламентінің» «Алтын жүрек» челленджін Төлеби ауданының мектептеріне жолдады.

Жаңажол жалпы білім беретін мектебінде «Біртұтас тәрбие» бағдарламасын жүзеге асыру мақсатында аға тәлімгер Н. Балқыбековтың жетекшілігімен, бастауыш сыныптар арасында «Жас полиция» тобының ұйымдастыруымен, «Сен жол ережесін білесің бе?» атты тақырыпта байқау және кітаптар тазалығына рейд жұмыстары жүргізілді. Мақсаты: Оқушылар арасында жол ережесін түсіндіру, жолда жүрген кезде қауіпсіздік ережелерін сақтау, бастысы, оқушылардың өмір қауіпсіздігі туралы түсіндіру.



Жаңажол жалпы білім беретін мектебінің өзін өзі басқару мектеп президенті 10-сынып оқушысы Елжелді Инабат Аудандық «оқушылардың өзін өзі басқару көшбасшысы» аудандық байқаудан бірінші орын алып, 28.02.2025 ж. Түркістан қаласында өткен облыстық байқауға қатысып, Диплом, Сертификаттармен марапатталды.



Жаңажол жалпы білім беретін мектебінде біртұтас тәрбие бағдарламасын жүзеге асыру мақсатында аға тәлімгер Н Балкыбековтың жетекшілігімен өзін өзі басқару мектеп парламентінің дебат фракциясы мүшесі Шайқасым Жазираның ұйымдастыруымен «Әлемде мейірімділік барма?» атты тақырыпта пікірсайыс сабағы өтілді. Мақсаты: Оқушыларды ізденіске, мейірімділікке, адамгершілік бейімдеу.



Жаңаол жалпы білім беретін мектебінде «Біртұтас тәрбие бағдарламасын» жүзеге асыру мақсатында аға тәлімгер Н.Балқыбековтың жетекшілігімен наурыз мерекесіне орай өзін-өзі басқару, мектеп парламентінің ұйымдастыруымен «Наурыз кәдесі», «Наурыз қоржын» сыйлықтарын тарату дәстүрі ұйымдастырылды. Мектебіміздің "Жас қыран" тобының мүшелеріне оқуға қажетті құрал жабдықтар таратылды. Мақсаты: қазақтың салт-дәстүрін дәріптеу, оқушыларға насихаттау.



Жаңажол жалпы білім беретін мектебінде наурыз мерекесі қарсаңында «Біртұтас тәрбие бағдарламасын» жүзеге асыру мақсатында аға тәлімгер Н.Балқыбековтың жетекшілігімен мектеп парламентінің «Экология және еңбек» фракциясының ұйымдастыруымен көшет егу жұмыстары жүргізілді. Мақсаты: Оқушыларды еңбекке, табиғатты қорғауға, аялауға дағдыландыру.



Жаңажол жалпы білім беретін мектебінде «Біртұтас тәрбие» бағдарламасын жүзеге асыру мақсатында 23.03.2025 күні аға тәлімгер Н.Балқыбеков пен педагог ұйымдастырушы А.Медеудің ұйымдастыруымен тазару, жаңару күніне орай «мектеп парламенті» мен «адал ұрпақ» клубының мүшелері жоспар бойынша «Бұлақ көрсен, көзін аш» тақырыбы бойынша ауылдың іргесінде орналасқан бұлақ көзіне барып, бұлақтың көзін ашып, айналасын тазалап, мектеп ауласына да тазалық жұмыстарын жүргізді. Мақсаты: оқушыларды еңбекке, табиғатты қорғауға, таза ұстауға дағдыландыру.



Жаңажол жалпы білім беретін мектебінде TanzaLke салтанатты іс-шарасының қарсаңында, Жол картасының 21-тармағына сәйкес, Мектеп түлектері "Түлектердің ағаш егуі" атты экочеллендж аясында өздерінің алтын ұя мектебінің ауласында ағаш көшеттерін отырғызды. Бұл шара -туған оқу ордасына деген құрметтің, қоршаған ортаға жанашырлықтың және болашақ ұрпаққа қалдырар жасыл мұраның айқын көрінісі.

Жаңажол жалпы білім беретін мектебінде.«Біртұтас тәрбие» бағдарламасын жүзеге асыру мақсатында аға тәлімгер Н Балкыбековтың жетекшілігімен Ұлы жеңіске 80 жыл толуына орай өзін-өзі басқару мектеп парламенті мен «Жас ұлан» ұйымы Ұлы отан соғысы ардагерлеріне арналған ескерткішті тазалап сыпырып сүртіп тазалық жұмыстарын жүргізді. Мақсаты: оқушыларды

үлкенге құрмет көрсетуге отанын елін сүйуге құрметтеуге, ұлтжанды болуға дағдыландыру.



2024-2025 оқу жылының аяқталуына арналған мерекелік кеш
жоғары деңгейде өтті



